

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**

## *Папаны туралы. Папаны арналады.*

Папа, папатай, Сенің кеткеніңе бір айдан сәл ғана асты. Күн артынан күн өтіп, ай артынан ай келсе де мен бұған сене алармын ба? Небәрі 25-ке толған кезімде Сені кетіп қалады деп ойладым ба? 61-де ғана едің ғой? Бұлай болмауы керек еді. Біздің басымызға мұндай қайғы дәл осы уақытта түспеу керек еді...

Папамды жақын танытындардың бәрі (жақын танымайтындары да) оның анасы кішкентай кезінде қайтыс боп кеткенін біледі. Өз басынан өткерген жан ғана оның неден айрылғанын түсінер еді. Ананың көзіне қарап-ақ қамқорлығын сезінудің не екенін білмеді, қолдау сөзін естімеді. Өз сезімін, көңілін сыртқа шығара білуді оған ешкім үйретпеді, үлгі болмады. Мен әйел мен ер адам арасындағы сезім емес, дос-жаран, үй- ішілік қарым-қатынас туралы айтып отырмын. Ол өзі бала болып толыққанды отбасы бақытын сезінбеді. Анасының баласын еркелетіп, еміреніп жақсы көруін сезінбеді. Бірақ, біз дүниеге келгеннен ақ бәрімізді жақсы көрді. Төртеуімізді түгел. «Төрт құбылам» деуші едің. Сол сияқты оның жүрегінен жалғыз келіні мен тұңғыш немересі Жаһангиріне де орын табылды. Артық сөзсіз, үнсіз жақсы көрді. Әкеміздің махаббатын оның қамқорлығы мен ісінен сезінетін едік. Неше жыл бұрын Папам Египеттен мен тұрмысқа шыққанда кісін деп әдемі жамылғы алып келіпті. «Арабтың қыздары қалыңдық көйлегінің сыртынан киеді екен. Қаракөзіме алдым. Салып қойшы» деп мамама беріпті. Папатайым ай.

Ия, Рахымжан жазушы болатын. Ия, Рахымжанның атқарған қызметі ұшан-теңіз. Ия, ол көп адамды таныды. Оның атына қанық адамдар одан да көп болатын. Менің бүгінгі сөзім мамамның арқасүйер қолдаушысына, менің ең жақын адамым Папама арналған шексіз балалық махаббатым мен сансыз алғысым.

Ол біздің жүрегімізде. Немересі Жаһангирді қатты жақсы көрген, күнде таңертең бар жұмысын ысырып оның оянғанын күтіп, иіскеп кететін атасы боп қалады. Әр сапарынан үйге асығып оралатын, бізге сыйлығын ұмытпайтын аяулы адамым ретінде есімде сақталады. Және Папам менің есімде үй-ішін шуаққа бөлеген жып-жылы адам ретінде, сүт қатқан шәй мен бешбармақты ұнататын жан ретінде мәңгі қалады. Мамам екеуі ұзақ әңгімелескенде уақытпен санаспайтын. «Мамасы, жүр шәй ішейік» деп анамды ас үйге сүйреп, күннің қалай өткенін, кімдермен кездескенін, не жоспарлағанын бәрін-бәрін айтатын. Өзі туралы

айтылған әрбір жылы сөзді аялай есіне түсіріп, ұмытпағанын сіздер білсеңіздер ғой. Кейде бізбен әзілдесіп « Жашоң, Қағөз, Айжок, сендер Папаларыңның ұлы жазушы екенін білесіңдер ме?» деп сұрайтын.

«Папа, есінде ме сен біздің бала кезіміздегі қылықтарымызды айтып отырушы едің ғой... Мен Сенің арқанды мақтап ( мүмкін арқанда көп көтерген соң ) Папаның ең әдемі жері — арқасы деп қоятыным...Сосын мамам екеуіңнің бөлмелеріңнің есігі астынан шимайлаған жазбаларымды қалдырамын. «Папа, Сіз мені жақсы көресіз бе?» деп.

Жылдар өте Папам менен « Қағөөз, сен осы мені жақсы көресің бе?» деп жиі сұрайтын болды.

Өзің жайлы алғашқы естеліктер үш жасымнан есімде. Ол кезде отбасымыз төрт адамнан тұратын.

Сен ол кезде Қазақстанның Қырғызстандағы елшілігінде қызметтесің. Бішкекте тұрамыз. Сен жұмыстан келгенде ұйықтап жататын ағам екеуіміздің жастығымыздың астына «киндер шоколад » сап қоясың. Таңертең шоколадты көргенде «Папа келді!» деп шаттанатынбыз. Бұл «Мен үйдемін» деген өзіндік бір белгі еді. Кішкентай кезімізде жұмысқа кеткен Сені алыс сапарға кеткендей күтетінбіз.

Қазір де мен Сені алыс сапарға кетті деп елестетейінші, Папа. Мүмкін портфеліңді « киндерге» толтырып қайта ораларсың?

Мені тоғыз жасымда шығармашылық толқыны қатты соқты десем болады. Айналадағының бәрін қағазға түсіре бастадым. Әсіресе, Папа Сені «аямадым». Тамақ қалай ішесің, жазу жазғандағы барлық қимыл-қозғалысың, ойланып отырғаныңды, тіпті ұйықтап жатқан сәттеріңді де тізіп жаздым да отырдым. Мектеп оқушысының жұқа дәптеріне «Папам ұйықтауға жатты. Ұйықтап жатса да көз қарашығы тоқтамай әрлі-берлі қозғалып тұрады. Демалысы бірқалыпты. Жастықты құшақтап алған. Етпетінен ұйықтап жатыр, — деп тізерлеп отырып алып, жаныңда қозғалмастан әр сәтінді түсіре беретінмін. Уақыт өте Папам әлгі дәптерді тауып алып, ох, шпион-қызының жазбаларына рахаттанып күлгені-ай Папатайым менің...

Папа, есінде ме, мені Әлия Молдағұловам дейтінің...Біз Атыраудың С.Датов көшесіндегі үйге көшкенімізде мен он екі жастамын. Үйде жарық жиі сөніп қалушы еді. Мен жүгіріп шығып подъезден электр жәшігін ашып жіберіп тығындары ұшып кетпеді ме, сымдары үзіліп

кетпеді ме деп қарай бастайтыным. Папам артымнан шығып «менің Әлиям ештеңеден қорықпайды» деуші еді...

Сөйткен маған енді қорқуға немесе осалдық танытуыма бола ма?! Сенің маған деген сеніміңді біле тұра қалайша мен қорқақ боламын.

Папа, неге менен ерте кеттің? Менің идеяларымды, ойларымды енді кім қолдайды? Шетелге барып тіл үйренгім келеді дегенде, ойланбастан «қай елге барғың келеді, айт, бар» дедің. Ирландияны таңдап, бір жыл оқып келдім. Үйге келген қонаққа « Менің, Әлиям, ештеңеден қорықпай туу алысқа барып тіл үйреніп келді» деуші едің мақтанып. Бір жыл бұрын « Папатай, алысқа, ұзаққа оқуға кеткім келеді» дегенде, кідіріп барып « Қағөз, сен ұзаққа кетем дейсің. Ал, той қашан?» дедің...Папатайым ай, менің...

Енді менің өмірімдегі ең жарқын күн өзіңсіз өтпек...Өз арманымда бұл күнді басқаша елестеткен едім.

Папа, Папатай, Сен менің есімде сақталып қана қалмайсың, сен менің бойымда өмір сүресің. Сенің мен болар-болмас секпіліңді, оң аяғыңды өзгеше басатыныңды, шашың мен көз қиығыңды алдым және жазуға деген құштарлығыңды жұқтырдым. Ең қызығы, өз өзіңмен сөйлесетін әдетіңді де бердің маған, Папатай. Алғаш қосылған кезде Сенің өз өзіңмен сөйлесіп, күліп жатқаныңды естіп Мамам шо-



*Р.Отарбаев атындағы республикалық театр фестивалінің ашылуында қызы Қаракөзбен бірге*

шыса, көп жылдар өте келе сіңдім Жансая «апа, кімге сөйлеп отырсың?» деп қорқа қарағаны есімде.

Өмір бойы екеуіміздің бойымыздан ортақ нәрселер көрмеппін. Ал, қазір жарқыраған софит шамдарының көзінде дәл алдымда тұрғандайсың, мен болсам, тура бір өзіме қарағандай келбетіңнен көз ала алмаймын. Папа, Папатай...

Мен салатын ән есіңде ме, Папа? « Менің Папам алтын, Мамам менің алтын...»

Папатай, алтын Папам менің, бір ғана тілегім бар – түсіме енуді тоқтатпашы...Папа, мен Сені жақсы көремін...



*Р.Отарбаев жанұясымен*